

ТАЙ-ЦЗУННИҢ АЛТЫ СӘЙГҮЛІГІ**Мазан Ерлан**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті тарих факультетінің
1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ежелгі қытай өркениетін дамудың шырқау биігіне шығарған Тан әулетінің (618-907) тарихында Тай-цзун – Ли Шиминьнің орны ерекше. Бүкіл ғұмырын Тан әулетінің іргесін бекітіп, мерейін асыруға арнаған Ли Шиминь қытайға өз үстемдігін орнатқан алғашқы жылдары сан мәрте қол бастап, бақталастарын қирата жеңеді. Қанды жорықтарда Ли Шиминьнің тақымына талай жаубасар жүйрік түседі, солардың ішінен өзіне ерекше ұнаған алты сайгүліктің бейнесін 637 жылы қараша айында арнаулы жарлықпен қағазға түсіртіп, тасқа қашатады. Тай-цзун өлгеннен кейін, осы барельефтер аса құрметпен император кесенесіне қойылады [1, 195].

Өнер тұрғысынан жете зерттелгенмен, тас бетіндегі алты сайгүліктің атауы (ежелгі дерек көздерінде: 拳毛騮, 什伐赤, 白蹄烏, 特勤驃, 颯露紫, 青騅) туралы ғылым дүниесінде, өкінішке қарай, бірінғай пікір қалыптаспаған. Оның үстіне, ежелгі қытай жылқысы, әсіресе, атақты сайгүліктер жергілікті тұқым емес, көбінде шет аймақтардан, өте-мөте Орталық және Солтүстік Азия аумағынан кіргізілген... Атақты сайгүліктердің атауынан-ақ қытай тіліне жат этимологиялық құбылыстарды байқау қиын емес [2].

Айтса айтқандай, қытайдың үй жылқысының отаны болғанына көз жеткізетін археологиялық деректер табылған жоқ. қытайлықтар соғысқа аса қажетті жорық аттарын көбінесе солтүстіктегі далалық аймақтар мен Орталық Азия аумағынан не теңсіз сауда, не қанды жорық арқылы қамдап отырған. Тай-цзуннің алты сәйгүлігі де түрік немесе Орталық Азия жылқылары болуы мүмкін. Даңқты синолог Э.Г.Шафер (1913-1991) өз зерттеуінде алты сайгүлік барельефтеріне арнайы тоқталып, жылқы жалын күлтелеп буудың Орталық Азия мен Сібірдегі ежелгі тайпаларға тән ескі дағды екенін еске салады және Хань әулеті биліктен кеткен соң қытайда осы дәстүрдің жалғаспай қалғанын айта келіп, барельефтерде «күлте жалды жылқылардың қайта көрініс табуы осы сайгүліктердің түрік тұқымды екенін дәлелдейді» [1.196] деп анықтайды. Бұл ретте жорық атының жалы мен құйрығын шайқаста кедергі болмас үшін өріп, күзеп, күлтелеп қою [3, 118] дәстүрі қазақтар арасында бертінге дейін жалғасқанын айта кеткен жөн секілді. Қытайлық мәдениеттанушы Гэ Чэнюн мырзаның «тілдік тұрғыдан түріктердің жылқы малына қатысты жиі қолданған атауларының Суй, Тан дәуіріндегі қытай тіліне ықпал еткені даусыз... Сондықтан, Чжаолин кесенесіндегі алты сайгүліктің атауы қытайлықтарға тән емес, сайгүліктердің атауының қытай тіліндегі мағынасын кірме сөздерден мұқият қарастыруға тиіспіз» [4, 162] деген пікірін дұрыс деп бағалаймыз.

Осы жұлге бойынша, енді алты сайгүліктің атауы туралы тоқталайық.

拳毛騮. Қытайлық зерттеушілердің пікірінше, бұл басы үлкен, маңдайы дөңес, қой мойынды, аласа бойлы, жуан тұяқты моңғол жылқысымен тұқымдас болуға тиіс. Тарихи деректер бойынша, Лю Хэйтаға қарсы жорықта оқ тиіп өлген осы атақты тұлпарды Ли Шиминьге Дайчжоу аймағының әкімі Сюй Ложэнь сыйға тартқан екен, сондықтан бастапқыда «Ложэнь құба» (洛仁騮) деп те аталыпты. Дайчжоу аймағының жері қазіргі қытайдың Шаньси провинциясының солтүстік аумағына тура келеді, бұл тарихи аймақ Суй, Тан әулеттері заманында Түрік қағанаты мен Қытай арасындағы ірі сауда орталықтарының бірі саналған. Сондықтан, аталған сайгүлікті Сюй Ложэнь түріктерден алған болуы ықтимал.

Орта ғасырларда “拳” иероглифі *giuān*² [5, 170], “毛” иероглифі *māu*¹ [5, 84] деп оқылады. Өзге тілден енген жаңа атаудың диалекттік айырмашылық мен қытай иероглифтеріне мағына үстей аударудың әсері себепті түбір сөзден белгілі фонетикалық өзгешелікке ие болуы мүмкін екенін ескере отырып, біз *Giūān-māu* жорамалын түріктердің *quba* сөзіне жақындатамыз. Себебі, бірінші буынның аяғындағы *n*- дыбысы мен екінші буынның басындағы *-m* дыбысы бір-біріне әсер етіп, сапалық өзгеріс жасауы мүмкін. Ал “毛” иероглифінің қазіргі қытай тілінің Сучжоу диалектінде *mæ*, корей тілінде *mo*, жапон тілінде *bo* немесе *mo* болып [5, 91] оқылуы да біздің болжамымызды шындыққа жақындата түседі.

“拳毛” сөзіне қосарланып келген “騮” иероглифінің сөздіктегі «ор ауыз сары жылқы» деген мағынасы да біздің пайдамызға шешіліп тұр. Махмұт Қашқари «құба ат» тіркесін «түсі сары мен ашық қызыл арасындағы жылқы» [6, 852] деп анықтайды. Қазіргі қазақ тілінде де «құба» сөзі «ақшыл сары, бозғылдау» [7, 221] деген мағынада жұмсалады. Демек, “騮” иероглифі мен көне түрік және қазіргі қазақ тілдеріндегі «құба» сөздері меңзейтін түстің сапалық қасиеті өте жақын деп тұжыруға болады. Тіпті, ескі қытай тіліндегі “騮” сөзінің өзі көне түрік тіліндегі *quba* атауынан барған болуы әбден мүмкін. Сондықтан, біз “拳毛” атауын көне түрік тіліндегі «құба» деген сөзден шыққан деп тұспалдаймыз.

什伐赤. Кей зерттеушілер “什伐” сөзінің төркінін парсы тіліндегі «*aspa*» (жылқы) сөзінен шығарып, иран жылқысы болуы мүмкін деген болжал айтады. Алайда, Э.Г. Шафер бұл болжалды тиянақсыз деп санайды. Тарихи әдебиеттерде VIII ғасырдың орта шенінде Ферғана елінің қытай императорына асыл текті қан көбік тұлпарлар тарту еткенін және дерек көздерінде осы тұлпарлардың бір тұтас “叱拔” деп аталғанын сүйеу еткен Шафер сөз төркінін соғдылықтардың «төрт аяқты жануар» (бұл сөз көбінесе жылқы түлігін меңзеген) деген мағынаға беретін *Cherpadh* сөзіне тіреп, “什伐” атауын осы кірме сөздің басқаша хатталуы деп түсіндіреді [1, 175]. Тарихи әдебиеттерде Ли Шиминь мінген осы сайгүлік туралы «қызғылт тері тамшылап, құстай ағып ұшады» (朱漢騮足) деген мадаққа толы өлең жолдары сақталғанын ескерсек, Шафердің болжамын терістей алмаймыз. Себебі, «шапқанда денесінен қаншымақ тер саулау» ежелгі Ферғананың қан көбік жүйріктеріне тән басты қасиеттердің бірі. Бұл болжамды “什伐” атауының орта ғасырларды *žrəi-biwat* болып оқылуы [4, 165] да дәйектей түседі. Дегенмен, ортағасырлық қытай тілінде буын соңындағы “-t” дыбысының көбінесе шет тілдердегі “-r” немесе “-l” дыбысының орнына жүретінін ескере отырып, *žrəi-biwat* жорамалын *teip-bwar* деп оқып, қазіргі қазақ тіліндегі шұбар сөзімен байланыстыруға да мүмкіндік бар сияқты. Біз «Түрік сөздігі» мен Орхон-Енисей ескерткіштерінен бұл сөзді таба алмадық, алайда, бұл осы сөздің көне түрік тілдерінде мүлде болмағанын дәлелдей алмайды. Қазақ тіліндегі шұбар сөзі ауыз екі тілде шыбар болып та айтылады, ендеше, бұл сөздің көне түрік тіліндегі ықтимал тұлғасын *teipar/teipar* деп жоруға мүмкіндік бар. Қазіргі қазақ тілінде шұбар тұлғасы «малдың, жан-жануарлардың бір өңкей түс пен теңбіл-теңбіл басқа бір түс араласқан түрі, түсі» [8, 441] деген мағына береді. Ендеше “什伐赤” көне түрік тіліндегі «қызыл шұбар», «жирен шұбар» сөздерінің мағыналық және дыбыстық аудармасы болуы мүмкін.

白蹄烏. Дәстүрлі көзқараста бұл сөзге «бір өңкей қара түсті ақбақай жылқы» деген түсінік жасалады [4, 166]. Бір есептен бұл пікірдің жаны бар. Шафер түрік жылқыларының

негізінен ақшыл сары немесе сұрғылт түсті болып келетінін, ара-тұра ақбақай қара аттардың да болатынын [1, 178] жазады. Демек, “白蹄烏” сол ақбақай қара аттардың қытай тіліндегі балама атауы болар. Алайда, Гэ Чэньюн бұл пікірмен келіспей, ақбақай қара ат деген тіркес «тәңір қаған атанған Тай-цзуннің жорықтағы мәшһүр еңбектеріне айтылған мадақ сөз ретінде қарастырудың қисыны жоқ, Ли Шиминьнің келелі үлес, кесек еңбектерінің де маңызын толық бейнелей алмайды. Менше “白蹄” түрік тіліндегі bota сөзінен келген, мағынасы құлын немесе бота, кіші хан деген мағынаны білдіреді» [4, 166] деп санайды. Bota сөзінің түрік тілдерінде «құлын», «кіші хан» деген «мағынасы» бар екенін алғаш рет Гэ Чэньюн мырзаның аузынан естіп, таң қалғанымызды несіне жасырайық! Бір қызығы, Гэ Чэньюн алты сайгүліктің ескі қытай тіліндегі лақабын көбіне түрік тілдеріндегі лауазым-шен атауларымен байланыстырады, мәселен, ол алты сайгүліктің атындағы “什伐” сөзін Šadaput, “颯露” сөзін Išbara, “特勤” сөзін Tigin деп оқып, Тай-цзуннің өзі ұнатқан сайгүліктерге түрік қағанатының аса құрметті лауазым атауларын беруі терістіктегі көршілері сыйлаған «Тәңір қаған» деген заңғар атағына лайық келеді [4,168] деген астам пікірге барады. Алайда, мұнда бір шындықтың бетін ашып алған жөн, яғни, Ли Шиминь алты сайгүлікті Тан әулетінің іргесі қалана бастаған алғашқы жылдары қытай билігіне ұмтылған Лю Хэйта, Доу Цзяньдэ, Ван Шичун, Сун Цзиньган секілді бақталастарына қарсы жорық кезінде мінген. Ол кезде Ли Шиминь циньван (цинь князы) деген лауазыммен әкесі Ли Юаньнің атса оғы, шапса қылышы болып жүрген, тіпті, тақ мұрагері де емес еді. Сондықтан, алты сайгүлік атауын Тай-цзуннің тәңір қаған атағымен байланыстырудың пәлендей жөні жоқ.

Біз “白蹄” атауының этимологиясына кәдімгідей қытай иероглифтерінің ежелгі дыбысталуы бойынша ой жүгіртеміз. Орта ғасырларды қытай тілінде “白” иероглифі bək, [5, 129] ал “蹄” иероглифі dei [5, 168] деп оқылады. Осы бойынша құрастырылған bək-dei тұлғасын көне түрік тіліндегі бүктәл сөзімен байланысты болар деп санаймыз. Махмұт Қашқари бүктәл ат тіркесін «сауыры кең ат» [6, 366] деп түсіндіреді. Сауыр-сербегі алапты, жауырыны шығыңқы, көбінесе, ұлы шайқастарда жорық аты ретінде пайдаланылған мұндай жылқылардың бейнесі алтай тауларындағы жартаc суреттерінен де кездеседі [4, 166].

特勤驃. Қытай жылнамаларында жолығатын “特勤” онамастикасының көне түрік тіліндегі төркіні tigin деген сөз екені еш шүбә тудырмайды. Алайда, Тан, Суй әулеттерінен қалған тарихи еңбектерде “特勤” мен “特勒” тұлғалары үнемі бірінің орнына бірі алмасып отырады. Осы қисынға сүйеніп, қытайлық белгілі тарихшы Жуань Чуаньмин сайгүліктің атында да осындай ағаттық болуы мүмкін, “特勤驃” емес, “特勒驃” болар деп жорып, сөз төркінін ежелгі теле тайпасының атымен байланыстырады. Бұл ретте зерттеуші ежелгі ғасырларда жылқы тұқымын тайпа аттарына сай ажырататын дәстүрдің болғанын көлденең тартып, тарихи әдебиеттерде жиі кездесетін байырқы жылқысы, құрықан жылқысы, қытан жылқысы, түрік жылқысы, бұғы жылқысы деген тіркестерді мысалға келтіреді [2]. Қарамаққа қисынды сезілгенмен, алайда бұл болжалдың да бір қайнауы шала сияқты. Себебі, «Солтүстік әулеттер тарихында» жазылуынша, телелер «мүйізді ірі қараны көп, жылқыны аз өсіреді»[9.480] екен. Ендеше, жылқыны аз бағатын теле жұртынан бір елдің үкілеп ұстаған атақты сәйгүлігі шыға қояр ма? Оның үстіне, сымбаты мен тұлғасы да Солтүстік Азия мен моңғол үстіртінің жылқыларынан гөрі аяғы ұзын әрі жіңішке, басы жеңіл, денесі шымыр Сыр бойының қылқұйрықтарына, ежелгі Ферғананың қан көбік тұлпарларына көбірек тартып тұрған сияқты [4, 167]. Ауыздардың суын құртқан бұл сайгүлік түрікмен жылқысының ертеден келе жатқан көне тұқымының бірі ақалтеке жылқысы емес пе екен? Ақалтеке жылқысының шыққан жері – Түрікменстанның Ахал шұраты мен Өзбекстанның Ферғана аңғары. Арғы тегі – Несей жылқысы (Nisaeon) [10, 569]. Ақалтеке тұқымы текежәуміт деп те алады. Жәуміт – көне түрік тіліндегі Yonud (жылқы, ат) сөзінің дамуы, бұл сөз қазақта жұнттай болып семірді деген тұрақты тіркестің құрамында сақталған. Демек, текежәуміт дегеніміз теке жылқысы. Ендеше, атакқа шыққан сайгүліктің атындағы “特勤” иероглифтерін «теке» деп оқысақ қателеспейтін сияқтымыз.

飒露紫. Бұл Тай-цзуннің жанына балаған ең сүйікті тұлпары. Сымбатты, биік, денелі, басы жеңіл, аяғы сыптай бұл сайгүлік ежелгі Арал теңізі маңында өсірілген Ариан жылқыларын еске салады. Орта ғасырларда Арал төңірегін аландар мекендеген. Ежелгі аландардың бір бөлегі XV ғасырда алшын тайпалары қатарында Қазақ хандығының қарауына өтіп, қазақ халқының қалыптасуына үлес қосқан [11, 147]. Рим жазбаларында аландар туралы «төрт түлігін мыңғыртып айдап көшіп жүретін айбатты жауынгер халық. Баспанасы – киіз үй, қорегі – сүт, ет. Жылқыны қатты мәпелейді, олар, жастайынан ат мінуге, садақ атуға құмарта үйренген» деген деректер кездеседі. Аландар өсірген жылқы алан жылқысы деген атпен алыс-жуыққа мәлім болған [12, 20]. Алан жылқысы, бәлкім, қазақ жылқысының түр тармағы саналатын, бойы биік, мойны ұзындау, бәдені сұлу, арқасы түзу, сауыры ұзын, аяғы жуан, құйма тұяқты, ыстық пен суыққа бірдей төзімді адай жылқысының арғы тегі болар деп ойлаймыз. Бұл қасиеттер тас бетіндегі сайгүліктің бойынан негізінен табылады. Аландардың тілінде қыр арқасы көмірдей қара нысаналы жылқыларды меңзейтін «saugag» деген сөз болған. Жылқының осы түрі ерекше даңқты болғаны сондай, тіпті, кейде тайпа көсемдеріне лақап ат болып та тағылған. Мәселен, IV ғасырда годтармен бірге Балқан түбегіне көшіп барған аландардың бір тайпасының көсемі safrac деген атпен танымал. Аңыздарға қарағанда, Грузияның патшайымы Самардың күйеуі Дәуіт кезінде бір қала, бір қыстақты жалғыз saugag жылқысына алмасқан екен [2]. Міне осыдан-ақ saugag жылқысының қаншама сүйікті болғаны белгілі болып тұр. "飒露" иероглифтерінің орта ерте ғасырлардағы оқылуы sār-luo` болуы мүмкін, бұл Saugag сөзіне өте жақын [2]. Сондықтан, біз Жуань Чуаньмин мырзаның аталған екі сөзді төркіндес деп санаған пікірімен толықтай келісеміз. Бізше, ежелгі алан тіліндегі saugag тұлғасы фонетикалық және мағыналық өзгеріс жасай келе қазіргі қазақ тілінде «жаңадан үйір ала бастаған жас айғыр» деген мағына беретін сәуірік сөзі болып тұрақтануы ғажап емес.

青骊. Ескі қытай тілінде "骊" иероглифінің «көк ала жылқы» деген мағынасы болған. Бұл есімізге ежелгі алайонтлы елін (駃馬國) салады. «Жаңа Таншу» жылнамасында олар туралы «Алайонтлы қалаш деп те аталады, түріктің теріскей жағын ала қоныстанған... Су мен шөптің жағдайына қарай көшіп жүреді, дегенмен тау жастанғанды жақсы көреді, жерінде жыл бойы қар жатады... Жылқымен жер жыртады, жылқылары ала болғандықтан, елі солай аталған... Жылқы өсіргенмен мініске пайдаланбайды, сүтінен қымыз ашытады... Шаштарын қырқып, қайыңтоздан қалпақ киеді» [9, 628] деген дерек кездеседі. Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі» бойынша, алажұнтты Оғыз қағанның бесінші ұлы Тау ханның баласы [12, 25]. Ендеше, алайонтлы елі Әбілғазы Баһадүр хан айтқан осы алажұнттыдан тараған жұрт болуы мүмкін. Біз алайонтлы, қалаш атауларын қазақ шежіресінің бастауында тұрған Алашахан, Алаш сөздерімен іліктес болар деп жоримыз. Ал "青" иероглифінің орта ғасырлардағы қытай тіліндегі оқылуы – «ts'eŋ» [5, 163]. Бұл көне түрік тіліндегі «sīr» (бір жастан асқан, екі жасқа толмаған тай) [6, 245] сөзінің дыбыстық баламасы болуы мүмкін. Ендеше, "青骊" тұлғасын төркінінде көне түріктің «ала сып», яғни, ала тай деген сөзі жатса керек.

Сонымен, алты сайгүліктің атауы туралы мүмкіндігінше ықшам жазылған болжамымызды аяқтай келіп, қарастырылып отырған тақырыптың түріктер мен қытайдың саяси, сауда-экономикалық, мәдени байланыстарын анықтауда ерекше маңызды мәні бар екенін еске саламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Шафер Э.Г. Самарқанның алтын шабдалы. Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясының баспасы, 2016 ж. 766 бет.
2. Жуань Чуаньмин: «Ежелгі сайгүліктер атауының этимологиясы жөнінде», «Цзинань университетінің хабаршысы. Тарих сериясы», 11.2002.
3. «Қазақстан ұлттық энциклопедия», V том, Алматы, 2003 ж. 719 бет.
4. Гэ Чэньюн: «Тан әулеті және кірме мәдениет», Қытай кітап баспасы, 2006 жыл. 375 бет.

5. «Фонетический Словарь китайских Иероглифов», Москва, 1983. 375 бет.
6. Махмұт Қашқари: «Түрік сөздігі» (Мәтін). Үрімжі, 2008 жыл, 1059 бет.
7. «Қазақ тілінің әдеби сөздігі», 10 том. Алматы, 2011 жыл. 750 бет.
8. «Қазақ тілінің әдеби сөздігі», 15 том. Алматы, 2011 жыл. 827 бет.
9. «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері», 2 том, Бейжің, Ұлттар баспасы, 2003 жыл. 997 бет.
10. «Қазақстан ұлттық энциклопедия», 1 том, Алматы, 1998 ж. 719 бет.
11. Нығмет Мыңжани, «Қазақтың қысқаша тарихы», Үрімжі, 1987 жыл.
12. Мамырқан Қалиясқарұлы: «Қазақтың жылқы шаруашылық шежіресі», Іле халық баспасы, 1994 жыл. 287 бет.